

сколько бы ни писалось произведений на эту тему, среди неисчерпаемых мотивов народного творчества еще достаточно неописанных и представляющих интерес историй. И сегодня есть большая необходимость в могучем пере обладателей художественного воображения, способных разработать для детей подобные темы.

1. Горький М. Обязанности советской литературы. Баку-1943

2. Джафар М. Избранные произведения. в 3 томах. III том (статья «Азербайджанская детская литература»), Баку-2003

3. Алиоглу М. Любовь и героизм. (статья «Гуманизм Д.Джаббарлы») Баку-1979

4. Аскерли Ф. Детская литература: Источники взаимного творчества. Баку- 2010

5. Гусейн М. Произведения. I том. Баку-1966

6. Гаджиев А. Азербайджанская советская детская проза. Баку-1989

Барлық өнердің басы болып табылатын сөз өнері, халықтың ауыз әдебиеті балалар әдебиетінің де алғашқы қайнаркөзі болып табылады. Балалар әдебиеті осы негізде пайда болып, өзінің бүкіл тарихы бойына ауыз әдебиетінің қарқынды дәстүрін пайдалана отырып дамыды. Мақалада фольклор және азербайжан балалар прозасы туралы жазылған.

Being a product of national creativity of a fairy tale, a legend, the legend, eposes play an important role in formation of children's character and for this reason similar themes become the reason of active interest of writers. The children's thinking shows interest to stories of fantastic character. Therefore as these fairy tales-stories expand representations of children about the world, actuate its imagination. Children and young men heroes as these heroes without fear pass through thick and thin especially involve, win malicious forces.

А. Нұрпейісова

ӘДЕБИЕТТЕГІ ӘСКЕРИ ТАҚЫРЫП

Көркем әдебиеттегі әскери тақырып – түркі халықтарында көне дәуірден күні бүгінге дейін дәстүрлі жалғасын тауып, дамып келе жатқан құбылыс. Бұл туралы уақыт өте келе авторлардың арнайы академиялық құрамымен жаңарып отыратын әдебиет тарихында негізгі деректік және мазмұндық мағынасы тарапынан заман талабына сай талқыланып жазылып келеді. Әскери тақырып – жалпылама ұғым. Біріншіден, ол әлем тарихындағы болып өткен соғыстар туралы тақырып. Екіншіден, отанды қорғау үшін жүргізілетін әділеттік соғыс тақырыбы. Бұл екі жағдаятта біздің әдебиетімізде ертеден көрініс тауып келе жатқаны белгілі.

Қазақ ауыз әдебиетінде елін, жерін басқыншылардан қорғау ежелгі тақырып екендігі дәлелдеуді керек етпейтін шындық. М.Әуезов «Көркем әдебиеттегі патриотизм тақырыбы» деген мақаласында біздің отанымызда, батырлар отанында батырлық барша әлем көлемінде алып қарағанда өте жоғары бағаланатынын атап көрсеткен. Ұлы жазушы көп халықтар мен бірге қазақ халқының да жауынгерлік дәстүрі бар екендігін еске сала отырып, әр халықтың эпостық батырларының есімдерінде халық күшінің және ерлігінің бейнесі бар екендігін нақты дәлелдермен бекітіп берген [1, 97 б.]. Сондық-

танда батырлықты, ерлікті, елдікті адалдықты, әділдікті, адамгершілікті жырлайтын ауыз әдебиетіміздегі батырлар жыры мен эпостары, Махамбеттің дабылды да дауылды жырлары әскери әдебиетіміздің негізі деп айтуға болады.

Соғыс кезінде өмір мәні, тіршілік құны адам баласы үшін қымбатқа түседі, Ұлы Отан соғысының қасіреті де адамзат санасына теңдесі жоқ трагедия әкелді. Қарапайым халық үшін тұтқиылдан жасалған фашистік шабуыл, тосын психологиялық жағдай теңдесіз қорқыныш сезімін туғызды. Бейбіт өмірдің тіршілік етіп жатқан адам үшін ажал оғын төккен майданға еніп, батыр да батыл жауынгер психологиясын қабылдай қою оңай еместі. Пенделік қорқыныш сезімді жеңу қиынның-қиыны-тын.

Тағдыр адамды бәріне де көндіреді. «Үш күннен соң адам көргеде үйренеді» деген сөз тегін болмаса керек. Оқ пен ажал алаңында өмірдің мәнін парықтаған әр жауынгердің жүрегінде отаншылдық рухы оянып, өз бойындағы қорқынышты қуып, тіршілік үшін тағдырмен арпалыс сағатында көбіне жеңіске жетіп отырды.

Олардың ерлігі елге қуат беріп, соғыс жылдары әдебиеттің де жауынгерлігі, яки, әскери сипаты артты. Бұл жөнінде соғыс және суреткер немесе суреткер мен соғыс атты шартты тір-

кеске жүгінсек есімі тілімізге алдымен оралар Б.Момышұлы былай дейді: «Қорқынышты жалпы мәжбүр ету жолымен жеңуге болады. Қандай мәжбүр ету жолымен. Ең алдымен өзіміз жеке адамның психологиясы деп атайтын ішкі мәжбүр ету жолымен. Жауынгерлік ерліктерді сипаттаған кезде – ішкі арпалысты суреттемейді. Жауынгердің қандай күрес пен психологиялық қиналыстың нәтижесінде қара бет болғанын немесе даңққа жеткенін ашып көрсету қажет. Міне, сонда ғана солдат пен офицердің бейнесі анағұрлым жанды, анағұрлым кесек тұлғалы болмақ» [2, 37 б.].

Әдебиет пен әскери өмірдің арасын шендестіріп, әскери әдебиеттің негізін қалаған әрі ержүрек батыр, әрі қаламгер Бауыржан Момышұлы жан – жақты да, сан қырлы адам, қоғам қайраткері. Ол майдан даласында сұрапыл соғыстың стратегиясы мен тактикасын терең игергендігімен танылып теориялық білімін тәжірибеге шебер ұштастыра отырып соғыстан кейінгі бейбіт өмірде сол тәжірибесі негізінде әскери өмір теориясын, психологиясын жазды. Майдан даласының шындығын әдебиетте құжаттық негіздерге сүйене отырып көркем прозаға айналдырды, естеліктер, қанатты сөздері оны философ ретінде танытты, ал хаттары қазақ әдебиетіндегі әлі де болса айта қаларлықтай өз отауын құрып үлгермеген эпистолярлық жанрды танытады.

Қазақ халқының батыр ұлы өзі көптеген құнарлы дүниелерді туындата отырып, қазақ әдебиетіндегі соғыс туралы жазылған көркем шығармалар туралы сыни пікірлері мен ойларын барлық уақытта жариялап отырған. Оның бұл еңбегі қазақ әдебиетіндегі әскери әдебиеттің табиғатының дұрыс танылуына, теориясының қалыптасуына үлкен білімнің күшімен орындалар ерен қызметі. «Мен соғыс тақырыбына жазылған әдебиеттерді оқыған кезімде олардың көпшілігінің шындыққа сай келмейтінін көзім жетті. Баспаханың бояуымен жазылған кітаптар да, адам қанымен жазылған кітаптарда болады. Мен баспахана бояуымен емес, майдан даласында шынайы қалпында, бар болмысымен қанмен жазылған соғыс кітабын оқыдым. Соғыс туралы өнер туындыларының ғұмыры қысқа болатындығы, олардың көркемдік жағы соғыс қимылдарының шындығынан мүлдеме алыс жататындығында, яғни менің айтайын дегенім үлкен шындық тұрғысында нағыз өмірдің ақиқатын жинақтай алмауда болса керек» [2, 38-39 бб.].

Қазақ әдебиетінде әскери – патриоттық тақырыптың шарықтай өрістеген кезеңі – Ұлы Отан

соғысы жылдары болды. Бұл жылдары қазақ әдебиетінің барлық жанрлары: прозада, поэзия, драматургия, очерк пен публицистика да дүшпанға қарсы рухани зор күшке айналды.

Әскери өмірді беруде әдебиет алдында соғыстағы адам психологиясын, «солдаттың мұңы мен сырын, әке мен ананың қайғысын, жары мен туыстың сағынышын» кеңінен ашып көрсету міндеті тұрды. Егер тарихи деректерге көз сала отырсақ, одақтас өзге мемлекеттермен бірге Ұлы Отан соғысына қатысқан Қазақстанның елдегі жағдайын Кеңес Одағының Еуропалық бөлігінен көшірілген соғысқа жарамайтын кәрі – құрған, бала – шағалар, өкіметке сенімсіздік көрсеткендіктен жер аударылған халықтар /шешен, неміс, кавказдық мұсылмандыр/ саны ауырлатып, тұрғылықты халықтың күнкөрісіне кері әсер еткен. Азаматтары майданға аттанып бар ауыртпалықты әйел мен бала иығына жүктеген қазақ елі, сонда да, сол кездегі билік етуші коммунистік партияның отанды қорғау идеясын адам санасына терең сіңіргендігінен бе, әлде, үгітінің күштілігінен бе, жеңіс үшін еңбек етуге үлкен құлшыныспен кірісті. Ендігі жерде елдегі бейбіт өмір құрылысы соғыс талабына сай құрылды да, әлбетте, кезеңдік әдебиет осы тарихи оқиғаны басты мәселе етті. Осыған дейін өмір болмысына терең бойлап, заман шындығын шынайы жырлап келген қазақ әдебиетіне жауынгерлік тақырыбы – тарихымыздың жалпы сипатының негізгі бір қырындай қалыптасқан етене тақырып еді. «Жауынгерлік тақырыбы қазақ әдебиетіне бұрыннан да жат емес еді. Қаһармандық эпос пен әр қилы жаулаушылық кезінде туған халықтық лириканың үлгілері де болған. Отызыншы жылдарда Отан қорғау тақырыбының кең қойылуы да қазақ әдебиетінде жаңа ізденістерге жол ашқан. Алайда мынандай төтен соғысты қазақ халқы басынан кешірмеген – ді. Сондықтан жаңа дүниежүзілік соғыс жағдайында әдебиетті дамыту оған жаңа мазмұн, жаңа сапа беру бағытында жүруі керек болды»/2,9/.

Соғыстан кейінгі әдебиет міндеттері елдегі бесжылдық жоспармен тығыз байланысты белгіленді. Ол соғыс қиындықтарын өз басынан өткеріп келіп енді елдегі бейбіт еңбекке араласқан адамның өмірі мен еңбегін көркемдікпен бейнелеу еді. Кеңес үкіметі жазушысының алдына тағдырының азабын арқалаған, жаны мен тәні соғыс зардабы салған жаралардан сыздаған, құрбан болған жас тағдырлар мен жетім – жесір қалған жандардың қайғысына куә болған адамнан Заман қаһарманын сомдау, оның ішкі сыры мен қалыптасу жолының күрделі де қиын құбылысы қойылды.

Соғыс тақырыбы содан бері өткен уақыт ішінде кең өріске шығып, көптеген көркем туындыларға негіз болды, көптеген қазақ әскери әдебиетінің мазмұндық, тақырыптық – ауқымдық дәрежесін көтерген, кеңейткен дүниелердің келуіне себепші болды. Ең басында уақыт және идеология талабына сай ұсақ жанрлық дәрежеден ірі сом сурет биігіне көтерілген қазақтың патриоттық әдебиеті қазір оқушы қауымына кеңінен таныс көптеген шығармалар жасады. Алғашқы кезеңде соғыс тақырыбына қалам тартушылардың дені – Ұлы Отан соғысы майдандарында жаумен тікелей арпалысқан жауынгерлер еді. Соғыс басталысымен Қазақстан жазушыларының сол кездегі құрамының сексен пайызы өз еркімен майданға аттанды. Соғыс жеңіспен аяқталған соң Кеңестік Армия қатарынан елге қайтқан жауынгерлер есебінен республикамыздың жазушылары сапына жиырма бес – отыз сержант пен офицер қосылды.

Сонымен, соғыс жылдары тек шағын жанрлар ғана белсенділік таныта алғаны әдебиетіміздің тарихынан бәрімізге мәлім. Мазмұны жағынан үгіттік сипаты басым келетін, арнайы міндеттер арқалаған бұндай туындылардың соғыс уақытының талабы мен халық мақсатын біріктірудегі тәрбиелік маңызы зор болды. Ұлы Отан соғысы өзге елдер секілді қазақ әдебиеті үшін де тосын да төтенше тақырып және үлкен тарихи сабақ болды. Соғыс жылдарының соңына қарай қайта оянған көлемді жанрлар да соғыс шындығын, әскери өмір психологиясын көрсетуде өз тәжірибелерін солдаттың яғни жеке адамның ішкі сезімін, ерлігін, рухын жырлаудан бастады. Бұл тұрғыдан, әрине, соғыстың сұрапыл қырғынын көріп, өмір мен өлім таласында ажал оғымен арпалысты өз бастарынан кешірген қаламгерлердің орны бөлек. Елдегі жағдай рухани, мәдени өмірдің кең көлемде дамуына кедергі болғанына қарамастан, қазақ әдебиеті осы тұста уақыт талабына сай әскери әдебиеттің негізін қалап, соғыс философиясын жете меңгеріп және әлем әдебиетімен бірге басқыншылық соғысқа қарсы үн қосты. Дегенмен, «Соғыстың бес жылы ішінде қазақ әдебиеті іргелі үлкен шығармалар туғыза алған жоқ. Соғыс пен оның адам басына түсірген қасіреті жайлы ойлану, оны ерлікпен көтерген адамның жігер – қайратын бейнелеуге үмтылыс кейін, соғыс шындығын ой елегінен өткізгеннен соң ғана жүзеге асты.» /3,10/

Қазақ әдебиетінде тіршіліктің мәнін ашудың бірден – бір әлемдік деңгейге көтерілген тұсы немесе әдебиеттің өзіне тән ұлттық айырмашылықтары мен ерекшеліктерін сақтай отырып

өзге елдермен контактілік – генетикалық, типологиялық ұқсастық бағыттың байланысты дамыған кезеңі соғыстан кейінгі жылдар болса, негізгі нысана соғыс тақырыбы болды. Сондай-ақ, өмір сұрағына, яғни, жаратылыс пен адам арасындағы қарым – қатынас, қайшылық, байланыс немесе бүгінгі тілмен айтсақ адам өмірінің құны мен тіршілік мәні сұрақтарына тереңдеу қажеттілігі тұрды. Себебі, соғыс ұғымы өмір мен өлім мотивіне тікелей қатысты болғандықтан да, бұл тақырыпқа қалам тартатын әрбір жазушыға даналық үшін философиялық ұшқарылық, нәзіктік үшін психологиялық тереңдік, нақтылық үшін тарихи білімділік мақсат болса керек. Бұл мақсаттың ең басты талабы жазушының шығармашылық еркіндігі болса, кеңес үкіметі тұсындағы жазушылар үшін ең бір тиым салынған дүние де осы болды. Бұл мақсатта Коммунистік партия басқа жүйемен бірге әдебиет пен өнер саласына да өзінің идеологиялық саясатын дайындады. Мұндай құғындаулар мен асыра сілтеулер коммунистік партияның жергілікті ұлттарға сенбеуінен, олардың ұлттық мүдделерімен есептеспей күштеп ұстау саясатынан туындаған еді. Бұл саяси қысым ұлт санасына қорқыныш психологиясын қайта ұялатты. 1937 жылғы қырғыны, ажал төккен соғыс қайғысынан кейінгі «ұлтшылдық» саясаты намысқа қайралып өскен қазақ елінің жігерін жасытып, шешімі жоқ сұрақтың жауабын іздегендей күйге салды. Қазақ елі үшін қорқыныш үрейге, үрей суық хабарға, хабар ажырасуға, ажырасу жоғалтуға, ең ақырында өлімге апаратын суық кезең қайта туындай бастады. Қазақ жазушысына ұлтының саяси – қоғамдық өміріндегі осындай әділетсіз қысымды, қайғыны көре отырып өзінің шығармашылық қызметін жалғастыруға, онда бейбіт өмір образын сомдауға, жаңа адам бейнесін жасауға, қоғамдық өмір жаңалықтары мен жетістіктерін жырлауға тіпті мадақтауға тура келді. Соғыстан кейінгі әдебиет өкілдері үшін бұл ар азабын арқалаған, жаны үшін қорыққан, шығармашылық еркіндігін жойған аса қиын әрі күрделі кезең болды.

Дегенмен, бұл қазақ жазушыларының бар қиындыққа қарамастан ізденіп, ұлт әдебиетінің дамуына өзіндік қолтаңба қалдырулары ерлік мен азабы тайталасқан халық тағдырының төмендемеген рухының тарихтағы тағы бір көрінісі болды. Осы тұрғыдан алғанда әскери әдебиет қай кезде де болса өз өміршеңдігін таныта алды

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. — Т. 18 Мақалалар. — Алматы: Жазушы. — 1985. — 376 б.

2. Момышұлы Б. Ақиқат шындықты талап етеді. // Ақиқат. – № 5. – 2006.

3. Қазақ әдебиетінің тарихы. – III том. Бірінші кітап. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1967. – 642 б.

В статье рассматриваются проблемы военной тематики в казахской прозе.

* * *

The problems of martial theme of Kazkh proze are observed in the article

О. Р. Утавлинова

ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ ПРОБЛЕМЫ КОММУНИКАТИВНОЙ ОРФОГРАФИИ РУССКОГО ЯЗЫКА

Проблемы современной коммуникативной орфографии могут выступить как обоснование одного из фрагментов программы исследований русской письменной речи в прагматическом аспекте. Этот аспект выделяется в теории письма и основан на онтологических проблемах письменной речи. Так, вопрос о коммуникативном предназначении орфографического единства, обычно разрабатывается с помощью тезиса о том, что "неподчинение" орфографическим канонам приведет к затруднениям в общении, понимании письменного текста. Аспект "орфография адресата", предполагающий исследование того, как функционируют орфографические нормы и алгоритмы в сфере восприятия написанного, в теории письменной речи полностью не разработан. Современная русская орфография во всех ее ипостасях: теории, практики, дидактики, орфографического строительства важна при обучении правил орфографии. Центральными единицами коммуникативно-прагматического плана письменной речи является понятие "коммуникативная эффективность", предполагающее ответ на вопрос о необходимости и достаточности коммуникативных усилий для обеспечения взаимопонимания, т.е. каким образом минимумом графических средств передать максимум коммуникативной информации. В свете всего вышесказанного трудно однозначно согласиться с положением Л.В. Щербы, который в свое время полагал, что для правописания «идеалом является возможно больший параллелизм между языком написанным и языком произносимым, и несомненно, что всякое правописание, даже самое консервативное, постоянно развивается в этом направлении». В целом сфера обыденной коммуникации развивается под сильным воздействием того представления о языке, которое предполагает не столько языковое выражение мысли с ее после-

дующей отправкой адресату, сколько представление о речевой деятельности, активизирующей сознание адресата. Ученые полагают, что первая модель взаимоотношений отправителя и получателя речи в аспекте «мышление/язык» изучается структурным языкознанием, вторая – коммуникативно-функциональным. Именно в функциональном аспекте наблюдается исключение стремление к полноте и точности передачи звуковой стороны речи: «сигнал», способный возбудить в сознании адресата его собственные мысли, вовсе не «обязан» стремиться к точности отражения звучащей речи, он вполне может быть достаточно условным по отношению к ней. Достоинства письма определяются его практической целесообразностью, где с наименьшей тратой сил и времени достигается означенная цель и, кроме того, усваивается письмо. И идеография, и неточное в звуковом отношении письмо при достаточных условиях может стать наиболее уместным. Как указывают ученые, этот тезис важен потому, что в концепции естественной орфографической деятельности понятие недостаточности неотделимо от понятия идентификации графических единиц при восприятии и порождении текста. В целом вопрос об иероглифичности русского письма не раз ставился в связи с концепцией морфологического принципа русской орфографии как основного, при таком ее понимании устойчивый графический образ морфемы, узнаваемый как смыло-графическая целостность, обладает определенными признаками иероглифа. С новой силой этот тезис актуализируется при рассмотрении языка с позиций лингвистики языкового существования, делающей акцент на фиксации в языковой памяти целостных операциональных блоков (термин Н.Д.Голева), более удобных для общения. Это позволяет выдвинуть научное предположение о том, что пофонемное письмо